

Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы 1995 жылғы 27 маусымдағы N 36. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 4 шілде тіркелді. Тіркеу N 74. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексі (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

6. "Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 36 Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 27 маусымдағы N 36 V950074_ бұйрығы. -----

I-Бөлім. Жалпы ережелер

Бұл нұсқаулық Z952235_ "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы негізінде шығарылады.

Ескерту: Өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990947_

I. Белгіленген акциздер

1. Акциз өнімнен алынатын жанама салық болып табылады және сату құны

қ о с ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Қазақстан Республикасының аумағында импортталатын, тізбесі осы нұсқаулықтың 4-тармағында келтірілген тауарларға, сондай-ақ лотереяларды қоса алғанда ойын бизнесіне акциз салынады.

Ескерту: Өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990947_

Ескерту: Толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен. V001091_

2. Қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген реттерді қоспағанда тауар өндіруші тауарларды экспортқа шығаруын растаған жағдайда экспортталатын акцизделетін тауарларға акциздер салынбайды.

Акцизделетін тауарлардың экспортын растауы ретінде тауар өндіруші мыналарды ұсынады:

- шетелдік тұлғамен акцизделетін тауарларды беруге арналған келісім-шартты (шартты);

- тауар Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс экспорт режимімен акцизделетін тауарларды шығаруды жүзеге асырған кеден органының және аймағында өткізу бекеті орналасқан кеден органының белгілері бар жүк кеден декларациясын, сондай-ақ олардан акциз алу "арналған елі" принципі бойынша жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасындағы кеден аумағынан әкетілетін акциздеуге жататын тауарлар импорты ресімделген кедендік жүк декларациясының көшірмесі;

- тауар өтетін Қазақстан Республикасының және транзит мемлекеттердің шекара кеден органдарының белгілері мен жүктің алыс шетелдің шекарасын басып өткенін растайтын тауарды алып жүру құжаттарын, ал тауарларға алдын ала декларация берілген жағдайда - Қазақстан Республикасының аумағына тауарлардың нақты әкелінгені туралы алдын ала декларацияны кедендік ресімдеуді жүзеге асырған кеден органының жазбаша растауы;

акциздеуге жататын экспортталатын тауарлар жіберіліміне келісім-шарты бойынша есеп айырысу жүргізілгенін растайтын құжаттар. Олар мынадай құжаттар:

- а) ақшалай түрде төлеу кезінде - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ашылған салық төлеушінің банктік шотына экспорттық түсімнің нақты түскенін растайтын банк құжаттары;

- б) тауар алмасу келісім-шарттары бойынша - кедендік жүк декларациясы не тауарлар әкелуді кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органы

куәландырған оның көшірмесі;

- в) тауарлар экспорты, жұмыстар орындағаны немесе қызметтер көрсеткені үшін есеп айырысу көзделетін келісім-шарттар бойынша - жұмыстар немесе көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актілері.

Есеп айырысу жүргізілгенін растайтын құжаттар салық органына 60 күн ішінде тапсырылуы мүмкін.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге экспортталатын акциздеуге жататын тауарларға (олармен саудада салық алу " арналған елі" принципі бойынша жүзеге асырылатын мемлекеттерден басқа) акциз жалпы белгіленген тәртіппен салынады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.14. N 30 V970030_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980549_ бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен. V001091_

2-1. Алыс-беріс шикізатын меншіктенуші осындай шикізаттан өндірілген акциздеуге жататын тауарларды экспорттаған кезде осы Нұсқаулықтың 27-тармағына сәйкес өнімді беру кезінде төленген акциз алыс-беріс шикізатын меншіктенушінің осы салық бойынша алдағы төлемдеріне есептеледі не салық органы оның өтінішін алған сәттен бастап 60 күн ішінде қайтарылады.

Осы тармақ осы Нұсқаулықтың 27-тармағына сәйкес алыс-беріс шикізатын меншіктенушінің акцизді төлегені және тауарларды экспортқа шығарғаны құжаттармен расталғаны жағдайда қолданылады, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген жағдайлардан б а с қ а .

Осы Нұсқаулықтың 2-тармағында санамаланған құжаттар алыс-беріс шикізатын меншіктенуші осындай шикізаттан өндірілген акциздеуге жататын тауарларды экспорттауды жүзеге асырғанын растау болып табылады.

Акциз бойынша алдағы төлемдер есебінен алыс-беріс шикізатын өңдеушіге төленген акциз сомасын есептеуді оның өтінішінің және акциз бойынша ұсынылған декларацияның негізінде экспортты жүзеге асырған алыс-беріс шикізатын меншіктенушінің тіркелген жері бойынша салық органы жүргізеді.

Салық төлеуші алыс-беріс шикізатын өңдеуге шарттың және өңдеушіге акциз сомасының төленгенін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесін қоса береді.

Шешім қабылдау мақсатында салық органы оның бюджетке акцизді төлегенін растау фактісі ретінде өңдеушіге төте тексеру жүргізеді.

Жоғарыда айтылған шарттар сақталған жағдайда салық органы акциз бойынша алдағы төлемдер есебінен есептеме жүргізеді.

Акцизді бюджеттен қайтару немесе оны басқа салықтар төлеу есебінен есептеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен келісім бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 2-1.-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

2-2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қатысушы-мемлекеттері экспорттайтын акцизделетін тауарларға тиісті таңбалау бойынша Қазақстан Республикасындағы акциз төлеуді нақтылау үшін олармен саудада осындай тауарларды импортты жүзеге асырушы салық төлеушіні тіркеу орны бойынша

салық органы шыққан елі принципі бойынша акциз алынады, салық органы басшысының қолы қойылған немесе оны ауыстыратын тұлғаның қолы қойылған және осы органның мөрімен расталған осы Нұсқауға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша ресімделген соңғы өтініш бойынша анықтаманы береді.

Ескерту: 2-2. тармағымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990947_

II. Төлеушілер

3. Мыналар:

- акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында өндіруші;

- акцизделетін тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттаушы;

- бензин (авиациялықтан басқа), дизельдік отының көтерме және бөлшек саудасын жүзеге асырушылар;

- Қазақстан Республикасының аумағында құмар ойындар бизнесін жүзеге асырушы заңды және жеке тұлғалар акциздерді төлеушілер болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында уақытша әкелінген шикізатты қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында алыс-беріс шикізатынан өндірілген акцизделетін тауарлар бойынша оларды өндіретін тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

. Ескерту. Алыс-беріс шикізаты - құю жөніндегі қызмет көрсетуді қоса алғанда акцизделетін өнім дайындау кезінде пайдаланылатын шикізат пен материалдар.

Қазақстан Республикасының аумағынан шығарылған алыс-беріс шикізатынан Қазақстан Республикасының аумағынан сырт жерде өндірілген акцизделетін тауарлар бойынша, кейіннен бұл тауарлар Қазақстан Республикасына қайтарылады, Қазақстан Республикасының аумағына осы әкелімді жүзеге асыратын тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

Осы нұсқаулықтың 4 тармағының 1)-9) және 15)- тармақшаларында көрсетілген, Қазақстан Республикасының аумағынан сырт жердегі тұлғалар сатып алған және оларды Қазақстан Республикасының аумағында сұйық тауарлар бойынша осы тұлғалар акциз төлеушілер болып табылады.

Осы тармақтың бірінші-төртінші абзацтары ескеріліп, акциз төлеушілерге сондай-ақ резидент емес заңды тұлғалар, олардың филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері жатады.

Осы Нұсқаулықтың 4-тармағындағы 1)-9) тармақшаларында аталған акцизделетін тауарларды өндіретін және Қазақстан Республикасының аумағында ойын-сауық бизнесін жүзеге асыратын заңды тұлғалар акцизделетін тауарларды өндіретін және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында ойын-сауық бизнесін жүзеге асыратын өзінің филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері үшін олар орналасқан жерлердегі тиісті бюджеттерге акциз төлеуді мынадай тәртіппен жүзеге асырады.

Заңды тұлға құрылымдық бөлімшелері үшін олар орналасқан жерлердегі тиісті бюджеттерге акциз төлеуді осы Нұсқаулықтың 4 қосымшасында көрсетілген нысан бойынша әрбір құрылымдық бөлімше бойынша жеке жасалған акциз бойынша есеп айырысуға сәйкес жүргізіледі.

Осы Нұсқаулықтың 4-тармағындағы 1)-9) тармақшаларында аталған акцизделетін тауарларды өндіретін және ойын-сауық бизнесін жүзеге асыратын филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері бар заңды тұлға басты ұйым мен әрбір құрылымдық бойынша жеке жасалған акциз бойынша оған есептеулерді қосып, акциз жөнінде декларацияны басты ұйым бойынша тұтас басты ұйым тіркелген жердегі салық органына тапсырады.

Басты ұйым тіркелген жердегі салық органы есептеулердің мәліметтерін акциз бойынша декларацияда көрсетілген мәліметтермен салғастырып, құрылымдық бөлімшелер бойынша акциз жөніндегі есептеулерді мөрмен және басшының немесе оның орнындағы адамның қолын қойғызып, куәландырады да, содан кейін оларды құрылымдық бөлімшелері орналасқан жерлердегі салық органдарына кейін тапсыру үшін заңды тұлғаға береді.

Құрылымдық бөлімше бойынша акцизді есептеуді заңды тұлға аталған құрылымдық бөлімше есепті кезең ішінде жүзеге асырған нақты іс жүзіндегі мәліметтер негізінде жасап, ол орналасқан жердегі салық органына есепті айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей тапсыруы тиіс.

Егер салық органында бір заңды тұлғаның бірнеше құрылымдық бөлімшесі тіркелсе, онда мұндай жағдайда осы құрылымдық бөлімшелер бойынша біртұтас есептеу жасалып, олар тіркелген жерлердегі салық органына тапсырылады.

Ағымдағы төлемдері қоса алғанда акциз сомаларын бюджетке аударуды ұйым өзінің есеп айырысу шотынан тікелей жүргізеді немесе өзінің банк шоттары бар құрылымдық бөлімшелеріне төлем жарналарына тапсырма береді.

Құрылымдық бөлімшелер бойынша акциздің дұрыс есептелуін, сондай-ақ толық және уақытылы төленуін бақылау құрылымдық бөлімшелердің орналасқан жерлеріндегі салық органдарына жүктеледі.

Тәркіленген, иесіз мемлекетке мұрагерлі құқы бойынша көшкен және мемлекетке қайтарымсыз берілген акцизделетін тауарлар бойынша, сондай-ақ қолданылып келген заңдарға сәйкес бұрын Қазақстан Республикасының аумағында акциз төленбеген тауарлар бойынша акцизді төлеушілер аталған тауарларды сатуды жүзеге асырушы тұлғалар болып табылады. Тәркіленген импортталатын өнімді сату кезінде әкелінетін акцизделетін тиісті

тауарларға белгіленген акциз ставкалары қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің
1997.02.14. N 30

V970030_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1997.12.29. N 1

V970057_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980549_

бұйрығымен.

Ескерту. 3-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990792_

бұйрығымен.

Ескерту: 3-тармақтың 17 азат жолы өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 929

бұйрығымен.

V990947_

Ескерту: 3-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71

бұйрығымен.

V001091_

III. Акцизделетін тауарлар тізбесі

4. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген немесе Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын мына тауарлар акцизделетін тауарлар

болып табылады:

1) тағамдық шикізаттан жасалған ішуге арналған этилді спирт пен тазартылған этилді спирт;

- 2) арақ;
- 3) ликер-арақ өнімдері;
- 4) күшейтілген сусын, күшейтілген шырын мен бальзам;
- 5) шарап;
- 6) коньяк;
- 7) шампан шарабы;
- 8) сыра;
- 9) шарап өнімдері;
- 10) темекі өнімдері;
- 11) құрамында темекі бар басқа да өнімдер;

12) бекіре мен қызыл балық, бекіре мен қызыл балық уылдырығы, бекіре мен қызыл балықтан және уылдырықтан дайындалған жеңсік тағамдар;

13) алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар.

Салық салу мақсатында, зергерлік бұйымдарға - бағалы металдардан және олардың балқымаларынан жасалатын, әртүрлі әшекейлер, тұрмыстық және (немесе) көркемдік заттар ретінде қолданылатын бұйымдар және өзге де мақсаттарда, әртүрлі дәстүрлер мен салттарға арналған естелік монеталар, басқа да белгілер мен медальдар) жатады (занды төлем құралының мәртебесі бар және эмиссиядан өткен монеталарды, мемлекеттік наградаларды, Қазақстан Республикасының және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы - мемлекеттердің заңдарымен мәртебесі белгіленген ерекшелік және айырмашылық белгілерін қоспағанда;

1 4) - 1 7)

14) хрусталь бұйымдар, жарық беретін хрусталь приборлар;

15) бензин (авиация бензинінен басқасы), дизель отыны;

16) жеңіл автомобильдер (мүгедектерге арнап әдейі жасалынған қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа);

17) атыс және газ қаруы (мемлекеттік өкімет органдарының мұқтаждары үшін сатып алынғандарынан басқасы);

18) өңделмеген мұнай, газ конденсатын қоса;

19) электр энергиясы.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.14. N 30 V970030_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 14)-17)-тармақшалары алынып тасталды, 18)-22)-тармақшалар 14)-18) болып есептелді, 19)-жаңа тармақшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970057_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980549_ бұйрығымен.

5. Осы баптың 1-11-тармақшаларында көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен және шарттарға сәйкес акциздік алым маркаларымен таңбалануы мүмкін.

Экспортқа шығарылған акцизделетін тауарлар акциздік алым маркаларымен таңбалауға жатпайды.

Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген жағдайлардан басқа экспортқа сатылатын акцизделетін тауарлар акциздік алым маркаларымен таңбаланған жағдайда экспортталатын өнімге акциздік алым маркаларын пайдаланылуы жоғалған деп қаралады. Мұндай жағдайда акциз осы Нұсқаулықтың 20 және 20-1-тармақтарына сәйкес төленуге жатады.

Ескерту. 5-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

IV. Акциз ставкалары

6. Акциз ставкаларын тауардың құнына немесе белгіленген мөлшерде заттай күйіндегі нақты көлеміне шаққанда процентпен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді және Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай ставкалар болып табылады.

Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген, осы Нұсқаудың 4-тармағындағы 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, акцизделетін тауарларға акциздердің ставкалары олардағы таза (жүз процент) спирт құрамы мөлшеріне қарай белгіленуі мүмкін.

Ескерту: Толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990947_

Ескерту: 6-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен. V001091_

7. Акциздің белгіленген ставкалары:

отандық өндіріс тауарлары бойынша - тауар өндірушінің акциз қосылатын бағасына немесе белгіленген мөлшерде заттай күйіндегі физикалық көлеміне қолданылады;

импортталатын тауарлар бойынша - әкелінетін акцизделетін тауарлардың

кеден құнына немесе белгіленген мөлшерде заттай күйіндегі нақты көлеміне қолданылады;

ойын бизнесі бойынша - ойын бизнесінен (лотереялардан басқа) түскен, төленген ұтыстар шегерілген қаражаттың сомасына қолданылады.

лотереялар бойынша - лотереялар өткізуге мәлімделген ақшалай қаражат сомасына;

бензин (авиациялықтан басқа), дизельдік отынның көтерме және бөлшек саудасында - заттай түрдегі нақты көлеміне.

Ескерту: 7-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен.

V001091_

V. Халықаралық шарттар

8. Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын жасасылған халықаралық шарттарға сәйкес акциздер қосылатын баға бойынша тауарлар жеткізіп тұрғаны үшін өзара есеп айырысу көзделуі мүмкін.

II Бөлім. Отандық акцизделетін тауарлар өндірісі

VI. Салық салу объектісі

9. Отандық өндірілген тауарлар үшін тауар өндіруші осы тауарды немесе даяр өнімнің нақты көлемін беріп тұратын, акциздер қосылмайтын баға бойынша белгіленген құн акциз салу объектісі болып табылады.

Акциздеуге жататын, өзі өндірген шикізаттан акцизделетін өнімді

өндірген кезде, осы шикізаттың құны немесе оның заттай көлемі салық салу объектісі болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ екінші азатжолмен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980549_

бұйрығымен.

10. Ойын бизнесі бойынша салық салу объектісі (лотереялардан басқа) ұтыстар шегерілген ойын бизнесінен түскен түсім, лотереялар бойынша салық салу объектісі (олардың үлгісі мен түріне қарамастан) - лотереялар өткізуге мәлімделген түсім.

Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен.

V001091_

VII. Акциз салынатын айналымдар анықтау

11. Салық салынатын айналым оларға акцизді қоспай қолданылатын бағаларға сүйене отырып немесе акцизделетін тауарларды өндіру және сату жөніндегі айналым болып табылады.

Есептік кезеңде өз электр қуатын өндіретін технологиялық процесте нақты пайдаланылатынды қоспағанда электр қуатын өндіру және сату кезіндегі салық салынатын айналым электр қуатын өндірудің барлық көлемі болып табылады.

Акциздеуге жататын шикізаттан экспортқа жөнелтілетін акцизделінетін өнімдерді өндірген кезде, осы шикізаттың құны мен оның табиғи көлемі салық салынатын айналым болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ екінші және үшінші азатжолдармен толықтырылды -
Қ Р

Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62
V 9 8 0 5 4 9 _ б ұ й р ы ғ ы м е н .

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен. V 0 0 1 0 9 1 _

12. "Сату" ұғымы дегеніміз сату, айырбастау, тегін беру, сондай-ақ кепілдікке берген тауарларды кепіл ұстаушының меншігіне беру мақсатында жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді, тауарлар жөнелтуді білдіреді.

ЕСКЕРТУ. 11-12-тармақтар жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі

Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970057_ бұйрығымен.

1 3 .

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ алып тасталды, 14-22-тармақтар тиісінше 13-21 болып саналды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.14. N 30 V970030_ бұйрығымен.

13. Қазақстан Республикасының аумағында акциз төленген, импортталатын тауарларды кеденде тіркеу кезінде төленген акцизді қоса алғанда, газ конденсатын қоса алғанда өңделмеген мұнайдан басқа және спирттің барлық түрлерін өндіретін төлеушіде өткізілген өнім бойынша бюджетке төленуге тиіс акциздің сомасы есепті кезеңде аталған өнімді дайындауға нақты пайдаланылған шикізаттың көлемін басшылыққа ала отырып анықталатын акциз сомасына а з а й т ы л у ғ а т и і с .

Акциздік алым маркаларымен таңбалануға тиіс акцизделетін өнім бойынша сатылған өнім бойынша акциздің сомасы акциздік алым (оларды жасау құнынан басқа) маркаларының құнына азайтылуы тиіс. Мұның өзінде акциздік алым маркаларын жасау құны болып Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Банкнота фабрикасы оларды беруді жүргізетін акциздік алым маркасының құны т а н ы л а д ы .

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.14. N 30 V970030_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970057_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980549_ бұйрығымен.

Ескерту. 13-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

14. Шикізат бойынша бюджетке төлемдерді азайтуға жататын акциз сомасы есепті кезеңде дайын өнім өндіру үшін нақты пайдаланылған шикізат көлемін басшылыққа ала отырып айқындалады.

1 5 .

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970057_ бұйрығымен.

Ескерту. 15-тармақ алып тасталды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

16. Шикізат берушілерге төленген акциз сомалары (шикі мұнай, газ конденсатын және спирттің барлық түрлерін қоса алғанда) төлеушінің шығындарына е н г і з і л м е й д і .

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

17. Олардың негізінде баспа-бас айырбас операциялары кезінде есеп айырысу жүргізілетін құжаттарды қоса алғанда есеп айырысу құжаттарында (шоттар, фактура шоттары), сондай-ақ вексельдер мен өзара талаптар есептемесі пайдаланылған есеп айырысуларда Қазақстан Республикасының аумағында төленген акциз сомасы жеке жолмен бөліп көрсетіледі.

Импортталатын шикізат бойынша кеденнің толтырылған жүк декларациясы және акциздің төленгенін растау ретінде - төлемнің төленгені туралы банк белгісі соғылған төлем тапсырмасының бір данасы беріледі.

Ескерту. 17-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

18. Алыс-беріс шикізатынан дайындалатын акцизделетін тауарлар өндіретін төлеушіде акциз салынатын айналым осы төлеушінің дайын өнімді беру сәтінде осындай тауарға қолданған, акциз қосылмаған бағасын басшылыққа ала отырып, айқындалады, ал бұл баға жоқ болғанда - осындай және осыған ұқсас тауарлардың қалыптасқан бағасын немесе дайын өнімнің нақты көлемін басшылыққа ала отырып айқындалады.

Қазақстан Республикасының аумағында акциз төленген алыс-беріс шикізаттан дайындалған акцизделетін өнім бойынша өткізілген өнім бойынша акциз сомасы осы өнімді дайындауға нақты пайдаланылған шикізат бойынша төленген акциз сомасына және өнімді тапсырушыға беру сәтіндегі акциз алымы маркаларының құнына азайтылуға тиіс.

Сұйық шикізатты қосқанда, алыс-беріс шикізатынан дайындалған акцизделетін тауарлар бойынша осындай тауарларды дайындаушылар акцизделетін тауарларды акциз алымының маркаларымен таңбалау үшін жауапты болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында алыс-беріс шикізатын жөнелтетін тұлға акцизделетін өнім дайындау үшін аталған шикізатты алатын тұлғаға Қазақстан Республикасының аумағында акциздің төленгенін қуаттайтын төлем құжаттарын беруге міндетті.

Алкоголь өнімін өндіру құқығына лицензиясы бар кәсіпорындар мен ұйымдар үшін акциздің жеңілдікті ставкасын қолданып отандық өндірістегі спиртті беру спирт өндіруші мен алкоголь өнімін өндіруші арасында тікелей жасалған шартқа сәйкес және жұмыс істейтін ұйым болып табылатын акциз төлеуші ретінде оның тіркелгенін растайтын спиртті сатып алушы (соның ішінде алыс-беріс негізінде) ұйым тіркелген жердегі салық органы куәландырған анықтаманың түпнұсқасы негізінде жүргізіледі.

Меншіктенушінің тапсырмасы бойынша алыс-беріс шикізатынан жасалған спиртті өндіруші үшінші тұлғаларға жөнелткен кезде акцизді есептеу алыс-беріс шикізатын меншіктенуші оны жөнелткен жағдайда қолданылатын ставка

б о й ы н ш а жү р г і з і л е д і .

Алкоголь өнімін өндіру құқығына лицензиясы бар ұйым жеңілдікті ставка бойынша сатып алған спиртті мақсаттан тыс пайдаланған жағдайда осы спирт бойынша акцизді осы ұйымның толық ставкамен қаржы санкциялары қолданылып, толық есептелуге және бюджетке қолданыстағы салық заңдарына с ә й к е с т ө л е у і н е ж а т а д ы .

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970057_ бұйрығымен.

Ескерту. 18-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

19. Акцизделетін тауарды тауар өндіруші заттай төлем, сыйлық ретінде бергенде, кепілге салынған тауарларды кепіл ұстаушының меншігіне бергенде немесе айырбастау операциялары кезінде өзі өндірген тауардың акциз қосылмаған, айырбастау немесе беру сәтінде қалыптасқан, бірақ нақты қалыптасқан шығыннан төмен емес баға бойынша айқындалатын тауар құны немесе дайын өнімнің нақты көлемі акциз салынатын айналым болып табылады.

Осы тармақтың ережелері бұл тауарлар өзінің немесе берілген шикізаттан өндірілгендігіне қарамастан қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ 2 абзацпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V 9 7 0 0 5 7 _ б ұ й р ы ғ ы м е н .

20. Қазақстан Республикасының аумағында шикізат бойынша төленген акциз төлеуші төлеушінің кәсіпкерлік қызметіне жатпайтын шараларды жүргізген жағдайда өткізілген өнім бойынша акциз сомасына азайтуға есептелмейді.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың нәтижесінен пайда болғаннан басқа жағдайларда акциздеу алым маркаларын жоғалтқан және бүлдірген кезде акциз өтініш берілген ассортимент мөлшерінде төленеді.

Мұның өзінде алкоголь өнімін таңбалауға арналған акциз алымының бұзылған немесе жоғалған маркалары бойынша акцизді есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$A - C_a * K_m * V_{max}$, мұнда

A - бюджетке төленуі тиіс акциздің сомасы;

C_a - акциздің белгіленген ставкасы;

K_m - акциз маркаларының бұзылған немесе жоғалған саны;

V_{max} - акциз алымы маркаларын есептен шығару сәтінің алдындағы бір ай ішінде алкоголь өнімін құю жүргізілген сыйымдылықтың ең жоғары көлемі (д е к а л и т р м е н) .

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде пайда болғаннан басқа жағдайларда акцизделетін өнімді жоғалтқан және бүлдірген кезде акциз толық

мөлшерде оның ішінде осы өнім шығарылған өзі өндірген акцизделетін шикізат
б о й ы н ш а т ө л е н е д і .

Осы тармақтың ережелері бойынша акциз алымы маркасының құны
төленетін акциз сомасы азайтылуға қабылданбайды.

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ екінші және үшінші абзацпен толықтырылды - ҚР
Қ а р ж ы

министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970057_
б ұ й р ы ғ ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық
комитетінің 1998.07.10. N 62 V980549_ бұйрығымен.

Ескерту. 20-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Мемлекеттік
кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

20-1. Акциз алымы маркаларын есептен шығару оның құрамына мыналар

міндетті түрде кіретін комиссияның қатысуымен жүргізіледі:

- ұйымның басшысы;
- ұйымның бас бухгалтері;
- акциз алымы маркаларын есепке алып, сақтауға жауап беретін ұйымның материалдық жауапты тұлғасы;
- акциз алымы маркаларын берген салық органының өкілі.

Акциз алымы маркаларын есептен шығару осы Нұсқаулықтың 3
қосымшасында
берілген нысанда орындалатын актімен ресімделеді.

Есептен шығару актісінде бұзылған акциз алымы маркаларының саны,
сондай-ақ есептен шығарылуы тиіс әрбір марканың сериясы мен нөмірі
көрсетіледі.

Бұзылған маркалар мынадай ережелер сақталып, жеке парақтарға
жапсырылуы тиіс:

- маркаларды жапсыру;
- маркалар серияларының нөмірлері мен марканың орталық бөлігі жіті көрінетіндей етіп жапсырылуы тиіс;
- маркалар жыртылған кезде олардың жеке бөліктері біріктірілуі тиіс;

- Қағазға жапсырылған бұзылған маркалардың түпнұсқалары мен есептен
шығару актісінің бір данасы акциз алымы маркаларын берген салық органына
т а п с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 20-1.-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310 V990792_ бұйрығымен.

21. Ойын бизнесінен түскен, төленген ұтыстар шегерілген және қосылған құнға салынатын салық ақшалай қаражат сомасын басшылыққа ала отырып айқындалатын түсім ойын бизнесі (лотереялардан басқа) бойынша акциз салынатын айналым болып табылады.

Лотерея бойынша салық салынатын айналым (олардың үлгісі мен түріне қарамастан) - лотереялар өткізуге мәлімделген түсім болып табылады. Мұның өзінде, лотерея билеттерін шығарудағы сату бағасы мәлімделген түсім болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 V970057_ бұйрығымен.

Ескерту: 21-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен. V001091_

22. Республикасының аумағында шығарылған өңделмеген мұнайды өндірістік өңдеуге тапсырған жағдайда, акциз сол тапсырылған уақытта төленеді. Мұндай жағдайда өңделмеген мұнай бойынша төленген акциз акцизделінетін мұнай өнімдері төлемдерін кемітуге жатқызылмайды.

Осы тармақтың ережелері өңдеудегі барлық спирт түрлерін берген кезде де қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік салық комитетінің 1997.02.14. N 30

V970030_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1

V970057_

бұйрығымен.

VIII. Төлеу тәртібі мен мерзімі

23. Акциздердің сомасын төлеуші өткізілетін тауарлардың құны мен белгіленген ставкаларды басшылыққа ала отырып өз бетінше белгілейді.

24. Күнтізбелік ай лотереяларға акциздерден басқа акциздер бойынша бюджетпен есеп айырысу бойынша есепті кезең болып табылады.

Ескерту: 24-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен.

V001091_

25. Осы нұсқаулықтың 4 тармағының 1)-9), 15-тармақшаларында көрсетілген тауарлар бойынша акциздер тауар өткізілген күннен кейінгі оныншы банк күнінен кешіктірілмей бюджетке аударылуға тиіс.

Ескерту: Өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990947_

Ескерту: 25-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен.

V001091_

26. Өзгедей акцизделетін тауарлар бойынша акциздер:
айдың алғашқы он күні ішінде өткізілгені үшін айдың он үшінші күнінен кешіктірілмей;
айдың екінші он күні ішінде өткізілгені үшін айдың жиырма үшінші күнінен кешіктірілмей;
есепті айдың қалған күндері өткізілгені үшін есепті айдан кейінгі айдың үшінші күнінен кешіктірілмей бюджетке аударылуға тиіс.

27. Алыс-беріс шикізатынан өндірілген өнім бойынша акциз өнім тапсырысшыға берілген (жөнелтілген) сәтте төленеді.

Акциздеуге жататын, өзі өндірген шикізаттан акцизделетін өнімді

өндiрген кезде, бұл шикiзаттың акцизi осы Нұсқаулықтың 25 және 26-тармақтарында көзделген мерзiмде ұқсатылған өнiмдi сату кезiнде төленедi.

ЕСКЕРТУ. 27-тармақ екiншi азатжолмен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлiгi Салық комитетiнiң 1998.07.10. N 62

V980549_

бұйрығымен.

28. Ойын бизнесi (лотереялардан басқа) бойынша алынған түсiм бойынша есептелген акциз осы нұсқаулықтың 26-тармағында көрсетiлген мерзiмде а у д а р ы л а д ы .

Лотереялар бойынша акциз лотереялар шығарылымы (таралымы) тiркелгенге дейiн төленедi. Лотереялар шығарылымы (таралымы) тiркелген кезде салық төлеушi тiркеушi органға тиесiлi акциз сомасының бюджетке төленгенiн растайтын құжат тапсыруы тиiс.

Лотерея өткiзуден бюджетке төленген акциз сомасы қайта есептеуге және қайтаруға жатпайды.

Ескерту: 28-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттiк кiрiс министрлiгiнiң 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен.

V001091_

29. Ағымдағы төлемдер бойынша акциздiң төленген сомасы осы нұсқаулықтың 25-28 тармақтарына сәйкес төлеушi есептi кезеңдегi декларацияда көрсеткен акциз сомасын бюджетке төлемге есептеуге жатқызылады.

30. Акциздiң уақтылы төленбеген сомасы, оның iшiнде есептегi кезеңде, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкiмен белгiлеген ресми

ставкаларды басшылыққа ала отырып әр кешіктірілген күніне (төленген күнді қоса) байланысты бюджетке өсімімен есептеліп өндіріледі.

Ескерту: 30-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен.

V001091_

31. Акцизді төлеу мерзімі ұзартылуға жатпайды.
IX. Төлеушінің жауапкершілігі

32. Төлеуші салық қызметі органдарында акциздер бойынша есепке тұруға міндетті, оған салық төлеушінің тіркеу нөмірі беріледі. Тұлға акциз салынатын айналым болған сәттен бастап салық төлеушіге айналады.

Төлеуші акциз салынатын айналымға байланысты қызмет тоқтатылған жағдайда есептен шығару туралы арыз беруге міндетті.

33. Акциз төлеушіге акциздердің дұрыс есептеліп, бюджетке уақтылы аударылуы үшін жауапкершілік жүктеледі.

34. Төлеуші салық қызметінің тиісті органына әрбір есепті кезең үшін лотереяларға акциз бойынша декларациядан басқа салық декларациясын есепті айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей беруге міндетті, онда төленуге тиіс және есепті айдың әр он күнінде нақты төленген акциз сомасы көрсетіледі.

Лотерея өткізуге акциз төлеуші осы Нұсқауға N 6 қосымшада келтірілген нысанда лотереяларға акциз бойынша декларацияны өзі тіркелген орны бойынша аумақтық салық органына лотерея шығарылымы (таралымы) өткізілген айдан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей тапсыруға міндетті.

Ескерту: 34-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен.

V001091_

35. Акцизді төлеу мерзімі және декларацияны беру мерзімі демалыс немесе мереке күнге тура келсе, бұл мерзім демалыс немесе мереке күннен кейінгі бірінші жұмыс күніне ауыстырылады.

36. Акциз алымының маркаларымен таңбалауға тиіс акцизделетін тауарларды акциздік маркаларды қолданбай өткізуге тыйым салынады.

37. Акциз туралы заңдарды бұзғаны үшін төлеушіге "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына сәйкес белгіленген санкциялар қолданылады.

Х. Акциздерді бюджетке аудару

38. Бюджетке аударылуға тиіс акциздердің сомасын банк немесе банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйым төлем тапсырмасы (әкімі) алынған күні тиісті бюджетке аударады.

III Бөлім. Акцизделетін тауарлардың импорты

XI. Импортталатын тауарлар бойынша акциз салу объектісі

39. Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес белгіленген кеден құны немесе заттай күйіндегі нақты төлем импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акциз салу объектісі болып табылады.

40. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті акцизделетін өнімді акциз алымының маркаларымен таңбалау тәртібін енгізген жағдайда импортталған акцизделетін тауарлар бойынша акциздің есептелген сомасы әкелінген тауарлардың көлемі бойынша акциз алымы маркаларының (оларды жасау құнынан басқа) құнына азайтылуға жатады.

Ескерту. 40-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің
1999.05.03. N 310

V990792_

бұйрығымен.

XII. Төлеу мерзімі

41. Импортталған тауарларға акциздер кеден төлемдерін төлеу үшін

Қазақстан Республикасының кеден заңдарында айқындалған күні төленеді.

ХІІІ. Акциздерден босату

42. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен норма бойынша импортталған акцизделетін тауарларға акциз салынбады.

43. Мынадай импортталған тауарлар акциз төлеуден босатылады: халықаралық жүк, қол жүгі мен жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдарын жол үстінде және аралық аялдау бекеттерінде пайдалану үшін қажетті акцизделетін тауарлар, сондай-ақ аварияны (істен шығуды) жою үшін шетелде сатып алынған акцизделетін тауарлар;

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілгенге дейін бүліну салдарынан бұйымдар мен материалдар ретінде пайдалануға жарамсыз болып қалған тауарлар;

шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ осы өкілдіктердің дипломатиялық әрі әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің, олармен бірге тұратын және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда, жеке пайдалану үшін әкелінген тауарлар;

"Еркін айналыс үшін тауарлар шығару" режимін қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін, Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген кеден режимдері шеңберінде босатылған тауарлар.

ЕСКЕРТУ. 43-тармақтың 6 абзацы алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1

V970057_

бұйрығымен.

Ескерту. 43-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990792_

бұйрығымен.

Бас салық инспекциясының
бастығы - Қазақстан
Республикасы Қаржы
министрінің бірінші
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 27 маусымдағы
N 36 нұсқаулығына
1 қосымша

Ескерту. "Акциз жөніндегі Декларация"- қосымша алынып тасталды,
Нұсқаулық 1, 2, 3 және 4 қосымшалармен толықтырылды - ҚР
Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.03. N 310

V990792_

бұйрығымен.

Ескерту: 1 қосымша өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71
бұйрығымен.

V001091_

Акциз жөніндегі декларация

СТТН _____ Салық инспекциясы

Тексерілген күні _____ (қаласы, ауданы бойынша)
199_ ж. " ____ " _____ Салық мерзімі

(жыл, тоқсан, ай)

Төлеуші _____ Телефоны _____
Мекен-жайы _____ Факс телефоны _____

Толтырушы _____
(аты-жөні)

Құрылтайшы
тіркеу нөмірі

Құрылтайшы _____

I. Акциздерді есептеу

N	Тауар түрі	Тауар	Айналым, соның ішінде алкоголь өнімін өндіру
p/c	коды	кезінде пайдаланылатын өз өндірісінің	
		шикізаты бойынша	

1			

2			

3			

4			

5			

6	Жиынтығы		

6a	Бұзылған,		
	жоғалтылған		
	акцизделген өнім		
	бойынша (83.4-бап)		

6б	Барлығы (6 жол + 6a		
	жол)		

--	--	--	--

таблицаның жалғасы

--	--	--	--

Акциз ставкасы	Есептелген акциз	Елдің коды	Белгі үшін

		99	

		98	

		97	

		96	

		95	

		94	

		93	

		92	

—

II. Өндірісте пайдаланылған шикізатқа акциз жөнінде есептеме

--	--	--	--

—

N	Тауар	Тауар	Көлемі	Тауар құны	Есептеуге		
p/c	түрі	коды		жатқызылған			
				акциз			

7					89		
---	--	--	--	--	----	--	--

8					88		
---	--	--	--	--	----	--	--

9					87		
---	--	--	--	--	----	--	--

10					86		
----	--	--	--	--	----	--	--

11					85		
----	--	--	--	--	----	--	--

12	Жиынтығы				84		
----	----------	--	--	--	----	--	--

III. Есепті кезеңдегі акциз бойынша есеп айырысу
14 Төленуге тиіс акциз сомасы:

N Тауар коды | Есепті ай | Нұсқаулықтың 4 тармағы 1)-9),15

p/c				тармақшаларында аталған акцизделген			
				өнім бойынша			
				сатылған күні	Акциз сомасы		

15							
----	--	--	--	--	--	--	--

16				
17				
18				
19				
20	Жиынтығы (6-12 жолдар)			
21	Бұзылған жоғалтылған акцизделген өнім бойынша (83.3-бап)			
21a	Барлығы (20 жол + 21 жол)			

таблицаның жалғасы

|Нұсқаулықтың 4-тармағы 10)-14), 16)-19)тармақшаларында аталған акцизделген өнім және ойын-сауық |
| бизнесі бойынша

Алғашқы 10 күн	Екінші 10 күн	Қалған күндер	

			79	
			78	
			77	
			76	
			75	
			74	
			73	
			72	

22 Ағымдағы жүргізілген төлемдер

| N | Тауар коды | Есепті ай | Нұсқаулықтың 4 тармағы 1)-9),15

p/c	тармақшаларында аталған акцизделген
	өнім бойынша

	төлеу мерзімі күні, N p/c ағымдағы
	төлемдер

23					
24					
25					
26					
27					
28	Жиынтығы				

таблицаның жалғасы

Нұсқаулықтың 4-тармағы 10)-19) тармақшаларында аталған					
акцизделген өнім және ойын-сауық бизнесі бойынша					
Алғашқы 10 күн	Екінші 10 күн	Қалған күндер			
			69		
			68		
			67		

--	--	--	--	--

			66	
--	--	--	----	--

			65	
--	--	--	----	--

			64	
--	--	--	----	--

29 Мыналарға тиесілі қалдық сомасы

N	Тауар коды	Төлеуге	Есептеуге	Өтеуге	
p/c					

30				59	
----	--	--	--	----	--

31				58	
----	--	--	--	----	--

32				57	
----	--	--	--	----	--

33				56	
----	--	--	--	----	--

34				55	
----	--	--	--	----	--

35	Жиынтығы			54	
----	----------	--	--	----	--

36	Алдыңғы есепті кезеңнен ауыстырылған есептеме			53	
	сомасы				

37	Барлығы (қосымшама 36 жол)		52	

—
|

IV. Алыс-беріс шикізатын меншіктенушінің экспорты кезінде акцизді есептеу:

N	Тауар	Тауар	Алыс-беріс	Өңдеушіден алынған	Өңдеушіден алынған
р/с	түрі	коды	шикізатын өңдеуші	тауар көлемі	тауар құны
			ұйымның атауы		
			(атауы, СТТ,		
			мекен-жайы)		

38					

39					

40					

41					

42	Жиынтығы				

—

таблицаның жалғасы

—
—

Соның ішінде экспортқа жөнелтілген тауар бойынша	Өңдеушіге төленген акциз сомасы	Ел коды

N ГТД	көлемі	құны	N р/с	сома	соның ішінде экспорт
					бойынша

					49

					48

					47

					46

					45

43 Бюджетпен түпкілікті есеп айырысу

N	төлеуге	өтеуге	елдің коды
р/с			
44	Жиынтығы		39
	(37-42 жолдар)		

Акциздер туралы заңды кез келген бұзушылық бюджет алдындағы жауапкершілікке әкеп соғатынын мен білемін және берілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын мәлімдеймін.

Жауапты адам	Лауазым	Қолы
Салық инспектор	Күні	Қолы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 27 маусымдағы
N 36 нұсқаулығына
2 қосымша

Ескерту: 2 қосымша толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71 бұйрығымен.

V001091_

Акциздер бойынша декларацияны толтыру жөнінде
нұсқаулық

Сіз төленуі тиіс және есепті айдың әрбір 10 күні үшін нақты төленген акциз сомасын көрсетіп, әрбір есепті ай үшін декларацияңызды есепті айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей тапсыруға тиіссіз.

Осы Нұсқаулықтың 4-тармағы 1)-9) тармақшаларында аталған тауарлар бойынша акциздер тауар сату жүргізілген күннен кейінгі оныншы банк күнінен кешіктірмей бюджетке аударуға жатады.

Ескерту: Өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V990947_

Алыс-беріс шикізатынан әзірленген өнім бойынша акциз өнімді тапсырыс берушіге беру (жөнелту) сәтінде төленеді.

Акциз төлеу мерзімі ұзартуға жатпайды.

Есте сақтаңыз! "Салықтар және бюджетке міндетті басқа да төлемдер туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24.04. N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес белгіленген санкциялар акциздер туралы заңдарды бұзғаны үшін қолданылады.

Акциздер бойынша декларация үш беттен тұрады. Сіз өндіретін акцизделетін тауарлар түріне қарай Сіздің салық декларациясының барлық жолдарын толтыруыңыз қажет болмауы да мүмкін. Егер әлде бір жолдар пайдаланылмаса, бос қалдырасыз.

I. Акциздерді есептеу

Бөлімде айналымдағы, соның ішінде алкоголь өнімін өндіру кезінде өз меншігіндегі шикізат бойынша да пайдаланылатын акциздерді есептеу, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкес есептелген акциздеуге жататын бұзылған және жоғалған өнім бойынша акциздің құны мен сомасы көрсетіледі.

II. Өндірісте пайдаланылған шикізатқа акциз бойынша есептемелер

Бөлімде сатылған акцизделетін өнімнің бірлігіне акцизделген шикізат шығындарының нормасы ескеріліп, айқындалатын есепті кезеңде сатылған акцизделетін өнімді жасауға нақты пайдаланылған акцизделетін шикізаттың көлемі мен құны, сондай-ақ есептемеге жатқызылатын акцизделетін шикізаттың көрсетілген көлемі бойынша акциздің сомасы көрсетіледі.

III. Есепті кезеңдегі акциз бойынша есеп айырысу

Бөлімде есепті кезеңде тұтас, соның ішінде онкүндіктер бойынша бюджетке төленуі тиіс акциз сомасы көрсетіледі.

20-жолда есепті кезеңде тұтас төленуі тиіс акциз сомасы көрсетіледі, ол 6-жол бойынша есептелген акциз сомасы мен 12-жолда көрсетілген акцизделетін шикізат бойынша есептемеге жатқызылған акциз сомасының айырмасы ретінде көрсетіледі.

21-жолда осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкес есептелген акциздік алымның бұзылған, жоғалған маркалары бойынша төленуі тиіс акциз сомасы көрсетіледі.

21а-жолда 21-жолда көрсетілген сома ескерілген акциз сомасы көрсетіледі.

28-жолда есепті кезең бойынша тұтас, соның ішінде онкүндіктер бойынша жүргізілген ағымдағы төлемдер сомасы көрсетіледі.

35-жолда бюджетке төленуі немесе есепті кезеңдегі ағымдағы төлемдер үшін

нақты төленгені бюджеттен өтелуге тиіс сома көрсетіледі және 21а-жолда көрсетілген төленуге тиіс акциз сомасы мен 28-жолда көрсетілген есепті кезеңдегі төленген ағымдағы төлемдер сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады. Егер 28-жолда көрсетілген сома 21а-жолда көрсетілген сомадан асып түссе, "өтелуге" бағаны толтырылады.

35-жолдағы "есептелуге" бағаны егер өндірілген акцизделген өнім экспортқа сатылса ғана толтырылады, ТМД-ға қатысушы елдерден басқа (Әзірбайжан Республикасы, Украина, Беларусь Республикасы мен Молдова Республикасынан б а с қ а) .

Егер акцизделген экспортталатын өнім спирттен, мұнайдан немесе газ конденсатынан өндірілсе, онда мұндай жағдайда көрсетілген баған т о л т ы р ы л м а й д ы .

28-жол 21а-жолдан асса ғана "өтелуге" бағаны толтырылады.

36-жолда алдыңғы есепті кезеңнен ауыстырылған есептеме сомасы көрсетіліп , мәліметтері "есептелуге" бағанына енгізіледі.

37-жолда төленуге тиіс немесе алдыңғы есепті кезеңнен ауыстырылған есептеме сомасы ескеріліп, өтелуге тиіс акциз сомасы көрсетіледі.

IV. Алыс-беріс шикізатын меншіктенуші экспорттаған кезде акцизді есептеу

Олар бойынша акциз өңдеушіге төленген өңделген өнімді экспорттауды

жүзеге асырған алыс-беріс шикізатын меншіктенуші толтырады.

Бөлімде өңдеушіден алынған, соның ішінде экспортқа жөнелтілген (ТМД-ға қатысушы мемлекеттерден басқа) акцизделген тауарлардың жалпы көлемі мен құны, сондай-ақ одан алыс-беріс шикізатының өңделген өнімдерін алу кезінде өңдеушіге төленуі тиіс акциз сомасы көрсетіледі; өңдеушіге акциз төленгені фактісін растайтын төлем тапсырмасының күні мен N; экспортталған акцизделген тауарлар бойынша өңдеушіге төленген акциз сомасы көрсетіледі.

44-жол бойынша 42-жол ескерілген есепті кезеңдегі бюджетпен есеп айырысудың түпкілікті қорытындысы шығарылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 27 маусымдағы

№ 36 нұсқаулығына
3 қосымша

_____ қаласы 1999 ж. " ____ " _____

Акциздік алымның бұзылған маркаларын есептен шығару
Актісі

_____ ұйымның атауы

СТТ _____

Біз, комиссия мүшелері, (себебі көрсетіледі) бұзылған акциздік алым
маркаларын есептен шығаруды жүргіздік _____

саны _____ (дана)

серия, N _____

Салық органының өкілі

_____ (Аты-жөні, лауазымы)

_____ (қолы)

Комиссия мүшелері

_____ (Аты-жөні, лауазымы)

_____ (қолы)

_____ (Аты-жөні, лауазымы)

_____ (қолы)

_____ (Аты-жөні, лауазымы)

_____ (қолы)

_____ (Аты-жөні, лауазымы)

_____ (қолы)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 27 маусымдағы
№ 36 нұсқаулығына
4 қосымша

Филиалы орналасқан жердегі

салық комитетіне _____

Төлеушіден _____

СТТ _____

Мекен-жайы _____

Телефоны _____

_____ Мөрдiң
Басты ұйым орналасқан жердегі салық орны
комитетiнiң атауы _____ Басшысының
қолы _____

Акциз бойынша есеп айырысу
1999 жылғы _____
есепті кезең үшін

_____ Мекен-жайы _____
құрылымдық бөлімшенің атауы _____ Телефоны _____

құрылымдық бөлімше
басшысының аты-жөні _____

1. Акцизді есептеу

N	Тауар	Тауар	Бұзылған және жоғалған акцизделген	Акциз	Төленуге	p/c түрі	коды	өнім бойынша, соның ішінде	ставкасы	тиіс акциз	меншігіндегі шикізат өндірісі		бойынша айналым							
Жиынтығы																				

2. Шикізатқа акциз бойынша есептеулер

N	Тауар	Тауар	Көлемі, соның ішінде Нұсқаулықтың	Тауар	Есептеуге
р/с	түрі	коды	2.1.-тармағына сәйкес	кұны	жатқызылатын
			экспортталатын өнімнің		акциз сомасы

--	--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--

Жиынтығы					
----------	--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--

3. Есепті кезеңдегі акциз бойынша есеп айырысу

N	Тауар түрі	Тауар	Төленетін акциз сомасы соның	Төлеу мерзімі
р/с		сатылған күні	ішінде бұзылған және	
			жоғалған акциз алымы	
			маркалары бойынша	

--	--	--	--	--	--

Жиынтығы					
----------	--	--	--	--	--

--	--	--	--	--	--

Алдыңғы есепті кезеңнен ауыстырылған есептеме сомасы

--	--	--	--	--	--

Барлығы

--	--	--	--	--	--

таблицаның жалғасы

Төленген ағымдағы төлемдер		Бюджетке төленуі тиіс сома		
күні мен төлем	акциз сомасы	үстеме төлеуге	есептеуге	өтеуге
тапсырмасының N				

Салық төлеушінің заң алдындағы жауапкершілігі

Біз осы есепте келтірілген мәліметтердің растығы мен толықтығы үшін заң алдында жауап береміз

Салық инспекторы _____
(аты-жөні)

Басшы _____
(аты-жөні) (қолы) (қолы) _____
Мөрдiң орны _____

Осы есепті толтыруға жауапты тұлға _____
(аты-жөні, СТТ) (қолы)

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 27 шілдедегі
N 36 нұсқауына
N 5 қосымша

Ескерту: N 5 қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 9 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990947_

___ жылғы" ___ " ___ N _____

Анықтама

Берілді _____

(кәсіпорын атауы)

фискальдық коды (ЖСН, СТТН және т.б.) _____ есеп айырысу шоты N_

(егер экспорт елінде белгіленсе, толтырылады)

(банк мекемесінің атауы)

экспорттаушы тұлғаға _____

кеден декларациясына сәйкес N _____

және тауар-көлік құжаттарымен _____

(ресімдеу нөмірі мен күні)

мынадай акцизделетін тауарлар:

Тауар атауы	Саны	Акциз ставкасы	Акциз сомасы	Төлем құжаты	Көлік құра
		(ұлттық ва. ның нөмірі лының			
		лютада көр. мен күні, нөмірі			
		сетіледі) банк			

1					
	2	3	4	5	6

Салық органының басшысы _____ М.О.
(аты-жөні) _____ қолы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Бас салық инспекциясының
1995 жылғы 27 маусымдағы
N 36 Нұсқауына
N 6 қосымша

Ескерту: 6 қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс
министрлігінің 2000 жылғы 1 ақпандағы N 71
бұйрығымен.

V001091_

----- үшін
лотереяға акциз бойынша
Декларация

Салық төлеушінің атауы -----
СТТН -----, мекен-жайы, телефоны -----
-----ауданы, -----қаласы, облысы
-----банкі, -----банк шоттары

N !Лотерея түрі ! Саны !Лотереяны ! Сату ! Акциз ! Акцизді ! Белгі
р/с! ! дана !сату бағасы!кұны, !ставка- ! есептеу ! үшін
! ! ! теңге !теңге !сы, % ! теңге !

1 ! 2 ! 3 ! 4 !5(3*4)! 6 ! 7(5*6)! 8

2
3
4
5

6 Жиынтығы

Салық төлеушінің заң алдындағы жауапкершілігі Салық органы
Осы декларацияда келтірілген мәліметтердің
растығы мен толықтығы үшін заң алдында
жауап береміз

Басшы -----	-----	Салық органы
(аты-жөні)	(қолы)	бөлім бастығы
Бас бухгалтер -----	-----	-----
(атты-жөні)	(қолы)	(қолы, күні)

Күні ----- М.О.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.